

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарымен РЕПО жән кері РЕПО операцияларын жүргізу ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 3 шілдедегі N 160 Қаулысы. Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2007 жылғы 5 ақпандағы N 10 қаулысымен.

Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2007 жылғы 5 ақпандағы N 10 қаулысымен .

Мемлекеттік бағалы қағаздардың қайталама рыногын одан әрі дамыту мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарымен РЕПО және кері РЕПО операцияларын жүргізу ережелері бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Заң департаменті (Сизова С.И.) Монетарлық операциялар департаментімен (Өлжанов Б.А.) бірлесіп осы қаулыны және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарымен РЕПО және кері РЕПО операцияларын жүргізу ережелерін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеуден өткізсін.

3. Осы қаулы және бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарымен РЕПО және кері РЕПО операцияларын жүргізу ережелері күшіне енгізілген күннен бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарымен РЕПО және кері РЕПО операцияларын жүргізу ережелері туралы" 1996 жылғы 28 наурыздағы N 78, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарымен РЕПО және кері РЕПО операцияларын жүргізу ережелеріне өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы" 1998 жылғы 20 ақпандағы N 69, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарымен РЕПО және кері РЕПО операцияларын жүргізу ережелеріне өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы" 1998 жылғы 3 наурыздағы N 70 қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

4. Монетарлық операциялар департаменті (Өлжанов Б.А.) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген

күннен бастап екі апта мерзімде осы қаулыны және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарымен РЕПО және кері РЕПО операцияларын жүргізу ережелерін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық филиалдарына және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары М.Т.Құдышевке жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Ұ л т т ы қ

Б а н к і

Б а с қ а р м а с ы н ы ң

1 9 9 9

ж ы л ғ ы

3

ш і л д е д е г і

№

1 6 0

қ а у л ы с ы м е н

Бекітілген

Қазақстан

Республикасы

Ұлттық

Банкінің

Қазақстан

Республикасының

мемлекеттік

бағалы

қағаздарымен

РЕПО

және

кері

РЕПО

операцияларын

жүргізу

Ережелері

Осы Ереже Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - Ұлттық Банк) және Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушысының Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарымен РЕПО және кері РЕПО операцияларын жүргізу тетігін белгілейді.

I. Осы Ережелерде қолданылатын негізгі ұғымдар

1. "Бағалы қағаздар" - Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары.

2. "Контрагенттер" - Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы берген I немесе II санатты лицензиясы бар, бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушысы болып саналатын Алғашқы Дилерлер мен Инвесторлар.

3. "Операция РЕПО" - қайтарып алынбайтын РЕПО және қайтарып алынатын РЕПО операциялары.

4. "Қайтарып алынбайтын РЕПО операциясы" - екі бөлімнен тұратын қаржы операциясы: бірінші бөлімде (РЕПО операциясының ашылуы) Ұлттық Банк (сатушы) бағалы қағаздарды Контрагентке (сатып алушыға) екінші бөлімге (РЕПО операциясының жабылуы) қатысушылардың: Ұлттық Банктің - осы және алмастыруға жарамды басқа бағалы қағаздарды сатып алу, ал сатып алушының - оларды тараптар келіскен мерзімде ақшаға айырбастап Ұлттық Банкке кері қайтару міндеттемесімен қоса сатады.

5. "Қайтарып алынатын РЕПО операциясы" - екі бөлімнен тұратын қаржылық

операция: бірінші бөлімде (РЕПО операциясының ашылуы) Ұлттық Банк (сатушы) бағалы қағаздарды Контрагентке (сатып алушыға) екінші бөлімге (РЕПО операциясының жабылуы) қатысушылардың: Ұлттық Банктің - осы және алмастыруға жарамды басқа бағалы қағаздарды сатып алу, ал сатып алушының - оларды тараптар келіскен мерзімде ақшаға айырбастап Ұлттық Банкке кері қайтару міндеттемесімен қоса сатады. Сонымен бірге Ұлттық Банктің келісімі бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын өзгерте отырып, Контрагенттің РЕПО жабу мерзімін азайту құқығы сақталады, бірақ мәміле жасалғаннан кейін үш жұмыс күнінен ерте емес.

6. "Кері РЕПО операциясы" - екі бөлімнен тұратын қаржылық операция: бірінші бөлімде (РЕПО операциясының ашылуы) Ұлттық Банк (сатып алушы) бағалы қағаздарды Контрагенттен (сатушыдан) екінші бөлімге (РЕПО операциясының жабылуы) қатысушылардың: Контрагенттің - осы және алмастыруға жарамды басқа бағалы қағаздарды сатып алу, ал Ұлттық Банктің - оларды тараптар келіскен мерзімде ақшаға айырбастап кері қайтару міндеттемесімен қоса сатып алады.

7. "Сатушы" - Ұлттық Банк немесе Контрагент - РЕПО және кері РЕПО операцияларын жүргізу кезінде бағалы қағаздарды сатушылар.

8. "Сатып алушы" - Ұлттық Банк немесе Контрагент - РЕПО және кері РЕПО операцияларын жүргізу кезінде бағалы қағаздарды сатып алушылар.

9. "РЕПО немесе кері РЕПО операцияларын ашатын күн" - Сатып алушының банктік есепшотынан Сатушының банктік есепшотына ақша аударатын және бағалы қағаздарды Сатушының есепшотынан және/немесе "депо" қосалқы есепшотынан Сатып алушының есепшотына және/немесе "депо" қосалқы есепшотына қайта орналастыратын күн.

10. "РЕПО немесе кері РЕПО операцияларын жабатын күн" - Сатушының банктік есепшотынан Сатып алушының банктік есепшотына ақша аударатын және бағалы қағаздарды Сатып алушының есепшотынан және/немесе "депо" қосалқы есепшотынан Сатушының есепшотына және/немесе "депо" қосалқы есепшотына қайта орналастыратын күн.

11. "Ауыстыру" - Сатып алушының РЕПО операциясын жабатын күн келген кезде РЕПО операциясын ашқан күні оған сатылған бағалы қағаздарды осы Ережелерде белгіленген талаптар бойынша басқа бағалы қағаздармен ауыстыру құқығы.

12. "РЕПО және кері РЕПО операцияларын ашу бағасы" - бағалы қағаздарды Сатушыдан Сатып алушыға қайта орналастырудың ашылу күнгі бағасы.

13. "РЕПО және кері РЕПО операцияларын жабу бағасы" бағалы қағаздарды Сатып алушыдан Сатушыға қайтарудың (орналастырудың) жабу күнгі бағасы.

14. "Депо" электрондық тапсырмасы" - қағазға жазылған "депо"

тапсырмасының күші бар "депо" тапсырмасының электрондық үлгісі.

15. "РЕПО ставкасы" - Ұлттық Банктің Ақша-кредит және валюта саясаты жөніндегі техникалық комитетінің ұсынымын ескере отырып, Ұлттық Банктің Директорлар кеңесі белгілеген РЕПО және кері РЕПО операциялары бойынша сыйақы (мүдде) ставкасы.

II. Жалпы ережелер

16. Ұлттық Банк РЕПО және кері РЕПО аукциондық және аукционнан тыс операцияларын жүргізеді.

17. Контрагент РЕПО және кері РЕПО аукционнан тыс операцияларын жүргізу үшін мемлекеттік бағалы қағаздардың қайталама рыногында операциялар жүргізу үшін қолданылатын стандартты талаптар мен терминдер туралы Ұлттық Банкпен Келісім жасасуға тиіс.

18. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Контрагенттен I немесе II санатты лицензияларды қайтарып алған жағдайда Ұлттық Банк бір жақты тәртіппен мемлекеттік бағалы қағаздардың қайталама рыногында операцияларды жүргізу үшін қолданылатын стандартты талаптар мен терминдер туралы Келісімді бұзуға құқылы.

19. Ұлттық Банк РЕПО және кері РЕПО аукциондық операцияларын Алғашқы Дилерлермен жүргізеді. Алғашқы Дилердің мемлекеттік бағалы қағаздармен операцияларға қызмет көрсету жөніндегі қызметін орындауы туралы Шарт бұзылған жағдайда Алғашқы Дилер РЕПО және кері РЕПО аукциондық операцияларын Ұлттық Банкпен жасасуға дәрменсіз деп саналады.

20. РЕПО және (немесе) кері РЕПО мәмілелері бір күнге және одан көп мерзімге жасалады. Бір жылғы күн саны 364 күнге теңестіріліп алынады. РЕПО және (немесе) кері РЕПО операциялары РЕПО объектісі болып табылатын бағалы қағаздарды өтеу күніне дейін бес күннен кешіктірмей жабылуы тиіс. РЕПО және кері РЕПО операцияларын жабу бағасы РЕПО ставкасын және қаржы рыногының жағдайын ескеріле отырып белгіленеді.

21. Ұлттық Банк пен Контрагенттің қайтарып алынбайтын РЕПО және кері РЕПО мәмілелері талаптарын олардың қолданылу мерзімі ішінде қайта қарауға құқықтары жоқ. Сатып алушы РЕПО және кері РЕПО операциялары мерзімі ішінде РЕПО операциясының объектісі болып табылатын бағалы қағаздарды пайдалануға құқылы.

22. Қайтарып алынатын РЕПО операциясының мерзімі азайтылған кезде ставка мынадай формула бойынша қайта есептеледі:

$$D2 = \left(\left(1 + \frac{D1}{T2/T1} \right) / 100 \right)^{(T2/T1 - 1)} * 100,$$

мұнда: Д2 - РЕПО операциясы мерзімі азайтылған кезде қайта саналған ставка (п р о ц е н т п е н) ;

Д1 - РЕПО-ның алғашқы келісілген ставкасы (процентпен);

Т2 - қайтарып алынатын РЕПО операциясының жаңа мерзімі (күнмен);

Т1 - қайтарып алынатын РЕПО операциясының алғашқы келісілген мерзімі (к ү н м е н) .

Ұлттық Банк қайтарып алынатын РЕПО операциясының тоқтағаны туралы хабарды жергілікті уақытпен сағат 16-ға дейін қабылдайды.

23. Сатып алушы РЕПО жабылатын күні Сатушымен осы Ережелерге N 1 қосымшада белгіленген нысан бойынша жасасқан жазбаша келісім негізінде оған РЕПО ашылған кезде сатылған бағалы қағаздарды РЕПО жабылатын күнге өтеу түсімі оған РЕПО ашылған кезде сатылған бағалы қағаздарды өтеу түсімінен кем түспейтін, өтеу мерзімі оған РЕПО ашылған кезде сатылған бағалы қағаздарды өтеу мерзімінен артық емес басқа бағалы қағаздармен ауыстыруға құқылы.

24. Сатып алушы РЕПО операциясын жүргізуде тараптар келіскен мерзім ішінде сыйақы (мүдде) төлеуді көздейтін проценттік бағалы қағаздар РЕПО операцияларының объектісі болып табылған жағдайда Сатушы мен Сатып алушы арасында осы Ережелерге N 2 қосымшада белгіленген нысан бойынша жасалған қосымша келісімге сәйкес сыйақы (мүдде) сомасын Сатушының банктік есепшотына аударуға міндеттенеді.

25. Тараптар РЕПО және кері РЕПО операцияларының шарттарын сақтауға және бір-біріне бағалы қағаздарды және ақшаны осы талаптарда келісілген мөлшерде және мерзімде аударуға міндетті.

26. РЕПО және кері РЕПО операцияларының шарттарында белгіленген төлем жасау мерзімін бұзған Тарап әрбір кешеуілдетілген төлем жасау күні үшін Ұлттық Банк төлем жасау күні белгілеген қайта қаржыландыру ставкасы мөлшерінде екінші Тарапқа айыппұл төлейді. Айыппұл сомасы уақытылы аударылмаған жағдайда әрбір кешеуілдетілген төлем жасау күні үшін айыппұл сомасынан 0,5 процент мөлшерде өсімпұл есептелінеді. Өсімпұл төлеу тәртіп бұзушы тарапты айыппұл төлеуден босатпайды.

27. Бағалы қағаздарды қайта орналастырудың РЕПО және кері РЕПО операциялары талаптарында белгіленген мерзімін бұзған тарап әрбір кешеуілдетілген төлем жасау күні үшін Ұлттық Банк қайта орналастыру күні белгілеген қайта қаржыландыру ставкасы мөлшерінде екінші Тарапқа айыппұл төлейді. Айыппұл сомасы уақытылы аударылмаған жағдайда әрбір кешеуілдетілген төлем жасау күні үшін айыппұл сомасынан 0,5 процент мөлшерде өсімпұл есептелінеді. Өсімпұл төлеу тәртіп бұзушы тарапты айыппұл төлеуден босатпайды.

28. Өсімпұл және айыппұл төлеу тәртіп бұзған тарапты жасалған РЕПО

немесе кері РЕПО операциялары бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

III. Ұлттық Банктің РЕПО немесе кері РЕПО аукциондық және аукционнан тыс операцияларды өткізу тәртібі

29. Ұлттық Банк РЕПО немесе кері РЕПО операциялары аукциондарын өткізу талаптарын РЕПО немесе кері РЕПО операцияларының кезекті аукционын өткізу басталғанға дейін үш жұмыс күні бұрын Алғашқы Дилерлерге мәліметтер берудің электронды жүйесі арқылы жібереді (осы Ережелерге N 3 қосымша).

30. Алғашқы Дилерлер РЕПО немесе кері РЕПО операциялары аукционы өткізілетін күні дағдылы тәртіппен жергілікті уақытпен сағат он бірге дейін өз атынан және өз есебінен және (немесе) Инвестордың тапсырмасы бойынша және оның есебінен тапсырыстар береді (осы Ережелерге N 4 қосымша). Мәліметтер берудің электрондық жүйесі арқылы тапсырыстар жіберуге техникалық мүмкіндік болмаған жағдайда мұндай тапсырыстарды қағазға жазып жіберуге болады. Сонымен бірге тапсырыстар осы Ережелерге N 4 қосымшада белгіленген нысан бойынша толтырылуы тиіс. Осы Ережелерге N 4 қосымшада белгіленген нысанға және РЕПО операциялары аукционының талаптарына сәйкес келмейтін тапсырыстар Алғашқы Дилерге қайтарылады.

31. Жергілікті уақытпен сағат 11-де Ұлттық Банктің уәкілетті адамы қабылданған өтінімдерді осы Ережелерге N 5 қосымшада белгіленген нысан бойынша жиынтық ведомоске жинақтайды. Жиынтық ведомость Ұлттық Банк Төрағасының орынбасарына шешім қабылдау үшін ұсынылады.

32. РЕПО немесе кері РЕПО операцияларын аукциондық әдіспен өткізу кезінде Ұлттық Банк РЕПО ашылу бағасын өзі белгілейді, ал РЕПО немесе кері РЕПО операцияларын аукционнан тыс әдіспен жасаған кезде РЕПО ашылу бағасы тараптардың өзара келісімі бойынша белгіленеді.

33. Ұлттық Банк пен Алғашқы Дилер РЕПО немесе кері РЕПО операциялары аукционын өткізетін күні жергілікті уақытпен сағат он жетіге дейін осы Шартқа N 6 қосымшада белгіленген нысан бойынша аукциондық РЕПО Шартын жасасады. Аукциондық РЕПО Шарты төрт дана етіп жасалады, екеуі қазақ тілінде және екеуі орыс тілінде, әрқайсысының заң күші бірдей.

34. Ұлттық Банк пен Алғашқы Дилер РЕПО немесе кері РЕПО аукциондық операциялары бойынша Сатушының банктік есепшотынан Сатып алушының банктік есепшотына ақша аударуды және аукцион талаптарында белгіленген мерзімде Сатып алушының есепшотынан және/немесе "депо" қосалқы есепшотына бағалы қағаздарды қайта орналастыруды жүзеге асырады.

*Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкінің*

Төрағасы

1999 жылғы "____" _____

N 1 қосымша
(Тіркелу күні)

N _____

(Тіркелу нөмері)

РЕПО операциясы бойынша бағалы қағаздарды
ауыстыру жөнінде 1999 жылғы "____" _____

N _____ РЕПО мәмілесіне

N _____ Қосымша келісім

Осы РЕПО қосымша келісімі _____

(бағалы қағаздар рыногына қатысушының атауы және оның тіркелу коды)
бұдан әрі - "Сатушы" деп аталады, бір жағынан және _____

(бағалы қағаздар рыногына қатысушының атауы және оның тіркелу коды)
бұдан әрі - "Сатып алушы" деп аталады, екінші жағынан арасында
жасалды. Тараптар мына төмендегілер жайында келісті.

1. Қосымша келісімнің мәні

1.1. Сатып алушы өзі сатып алған мемлекеттік бағалы қағаздарды
1999 жылғы "____" _____ РЕПО Шартына сәйкес мынадай қағаздармен

ауыстыруға:

- эмиссияның номері мен күні;
- бағалы қағаздар саны;
 - жабу бағасы;
 - өтеуге түсімі;
- өтеуге дейінгі мерзімі;
- жинақталған купон;

Сонымен бірге РЕПО жабу күнінен өтеу түсімі РЕПО ашу кезінде Сатып алушыға сатылған бағалы қағаздардың өтеу түсімінен кем болмауы және өтеу мерзімі РЕПО ашу күні Сатып алушыға сатылған бағалы қағаздардың өтеу мерзімінен артық болмауы тиіс.

1.2. Сатушы РЕПО жабу күні 1999 жылғы "____" _____ N _____
Шартқа сәйкес осы қосымша келісімнің 1.1. тармағында көрсетілген мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алуға міндеттенеді.

2. Қосымша талаптар

2.1. 1999 жылғы "____" _____ N _____ РЕПО мәмілесінің осы Қосымша келісіммен өзгертілмеген бөлігіндегі талаптар өзгеріссіз қалады.

2.2. Осы Қосымша келісім төрт дана етіп жасалған: екеуі қазақ тілінде және екеуі орыс тілінде, әрқайсысының заң күші бірдей.

Тараптардың мекен-жайы және деректемелері

С а т у ш ы

С а т ы п а л у ш ы

(заңды мекен-жайы)

(заңды мекен-жайы)

Бірінші басшы

Бірінші басшы

(басшының қолы)

(басшының қолы)

" ____ " _____ 199 ____

N 2 қосымша

(Т і р к е л у к ү н і)

N _____

(Тіркелген номері)

1999 ____ жылғы " ____ " _____ РЕПО мәмілесіне

Қосымша келісім N _____

Осы РЕПО қосымша келісімі _____

(мемлекеттік бағалы қағаздар рыногы қатысушысының атауы және оның тіркелген коды) бұдан әрі "Сатушы" деп аталады, бір жағынан және _____

(мемлекеттік бағалы қағаздар рыногы қатысушысының атауы және оның тіркелген коды) бұдан әрі "Сатып алушы" деп аталады, екінші жағынан, арасында мына төмендегілер жайында жасалды.

1. Қосымша келісімнің мәні

1.1. Сатып алушы РЕПО операциясының мерзімі ішінде эмитенттен түскен күні РЕПО операциясы жүргізілетін мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша барлық сыйақыны (мүддені) Сатушының банктік есепшотына мына есепке сәйкес аударуды міндетіне алады:

Эмиссия номері	Эмиссия күні	Сыйақы (мүдде) төлеу саны	Бағалы қағаздар саны	Бір бағалы қағаз бойынша ның (мүдденің) саны	Сыйақының (мүдденің) жалпы сомасы төлем сомасы (т ең г е м е н)
—	—	—	—	—	—

2. Тараптардың жауапкершілігі

2.1. Осы қосымша келісімнің 1.1. тармағында көзделген міндеттемелерді Сатып алушы орындамаған не ойдағыдай орындамаған жағдайда, Сатушы Сатып алушыға төлемнің мерзімі өткен әр күнінен төленбеген соманың 5 проценті мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

3. Қосымша талаптар

3.1. 1999 жылғы "___" _____ N___ РЕПО мәмілесінің осы Қосымша келісіммен өзгертілмеген бөлігіндегі талаптар өзгеріссіз қалады.

3.2. Осы Қосымша келісім төрт дана етіп жасалды: екеуі қазақ тілінде және екеуі орыс тілінде, әрқайсысының заң күші бірдей.

Тараптардың мекен-жайы және деректемелері

С а т у ш ы

С а т ы п а л у ш ы

(заңды мекен-жайы)

(заңды мекен-жайы)

Бірінші басшы

Бірінші басшы

(басшының қолы)

(басшының қолы)

"___" _____ 199__

N 3 қосымша

(шығару номері)

Алғашқы Дилерлерге

Хабарлама

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі _____

_____ РЕПО N___ аукцион өткізетінін,

(Р Е П О т ү р і)

және мерзімі "___" күндік РЕПО мынадай эмиссиялар бойынша 1999 жылы
"___" _____ болатынын Сізге хабарлайды.

NN

Эмиссия N

РЕПО ашу
бағасы

РЕПО аукционының
хабарланған көлемі

Жалпы сомасы _____

(санмен және жазумен)

теңге.

Аукцион өткізілетін мекен-жай: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, Алматы қаласы, Көктем-3, 21-үй.

РЕПО-ның ашылу күні: 1999 жылғы "___" _____ "___" сағат
"___" _____ минутке дейін.

РЕПО-ның жабылу күні: 1999 жылы "___" _____ "___" сағат
"___" минутке дейін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ұ л т т ы қ Б а н к і

Төрағасының орынбасары

N _____ *)

N 4 қосымша

(шығару н о м е р і)

"___" _____ 199__ ж.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен

РЕПО операциясын өткізуге тапсырыс

199__ жылы "___" _____ N аукцион бойынша**)

РЕПО операциясының түрі _____**

Алғашқы Дилер ретінде сөйлейтін бағалы қағаздар рыногының кәсіби
катысушысы N _____

— (Бағалы қағаздар депозитарийінің орталығынан алынған тіркеу коды)

_____ (бағалы қағаздар рыногы кәсіби катысушысының толық атауы)

оның _____

корреспонденттік есепшоты өз есебінен немесе кепілдік бойынша және
Инвестордың есебінен эмиссиялардың мынадай номерлеріне мерзімі _____
күндік _____ ** РЕПО операциясын жүзеге асыруға дайын екенін
б і л д і р е д і :

— — — — —
P/NN Бағалы қағаздар Эмиссия РЕПО- РЕПО-ны Мемлекеттік РЕПО
депозитарийінің N ны ашу жабу баға бағалы қа. операция.
орталығынан бағасы сы ғаздар рыногы. сының
алынған тіркеу ның катысушы- көлемі
к о д ы л а р ы н а

ұ с ы н ы л а т ы н
м е м л е к е т т і к
б а ғ а л ы қ а ғ а з д а р

саны

(т е н г е)

(теңге) (теңге) (дана) РЕПО РЕПО
опера опера
циясын циясын
ашқан жапқан
да да

1	2	3**	4	5**	6	7	8
---	---	-----	---	-----	---	---	---

Жиынтығы:

*) - шығару номері және күні Алғашқы Дилердің шығаратын хат-хабарын тіркейтін журнал негізінде толтырылады.

**) - 3-баған және 5-баған РЕПО операциясын өткізу үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген баға шарттарына сәйкес толтырылады.

А л ғ а ш қ ы Д и л е р :

М.О. Банк басшысы -

N 5 қосымша

Жиынтық ведомость

РЕПО операциясын өткізуге түскен өтінімдер
(N эмиссия)
ө те у м е р з і м і к ү н

Эмис. сия N	РЕПО-ны ашу бағасы	РЕПО-ны жабу бағасы	Жабудың бағасы	Мемлекеттік осы бағасы	Өсу жиынтығы бағалы қағаздар бойынша саны өтінімдер саны
-------------------	--------------------------	---------------------------	-------------------	------------------------------	--

Мемле. Әр эмиссия
кеттік мөлшеріндегі
бағалы көлемі
қағаздар

саны РЕПО ! РЕПО

тіркелген

коды)

бұдан әрі "Сатып алушы" деп аталады, екінші жағынан, арасында жасалды, Сатушы Сатып алушыға мемлекеттік бағалы қағаздарды төмендегі кестеде көрсетілген баға шарттары бойынша 199 ____ " ____ " ____ РЕПО-ның ашылу мерзімінде сатуды және 199 ____ " ____ " ____ РЕПО-ның жабылу мерзімінде сатып алуды міндетіне алады:

NN	Эмиссия номері	Бағалы РЕПО-ны қағаздар саны	РЕПО-ны ашу	Операциялардың көлемі		
				жабу	бағасы	бағасы
				РЕПО	РЕПО	РЕПО
				операциясын ашқанда (дана)	операциясын жапқанда %	операциясын жапқанда %
1	2	3	4	5	6	7

Кесте деректері негізінде РЕПО операциясының жалпы көлемі:
РЕПО-ны ашуға _____ теңге _____ дана

(сомасы санмен және жазумен)

ж ә н е

РЕПО-ны жабуға _____ теңге _____ дана

(сомасы санмен және жазумен)

Тараптардың мекен-жайы және деректемелері:

С а т у ш ы

С а т ы п а л у ш ы

(заңды мекен-жайы)

(заңды мекен-жайы)

Бірінші басшы

Бірінші басшы

(басшының қолы)

(басшының қолы)